

МҰРАТБАЕВNEWS



АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Алғыс айту күні – қазақ халқының дархандығы мен даналығын көрсететін айтулы күн. Бұл мерекенің кең ауқымды мән- мағынасы бар.

Қазақ халқы осы күні бір- біріне, әкеге, анаға, әпкеге, ініге, ұстазға, сүйгенге, Елге, Өмірге өз ризашылығын білдіреді, құрмет көрсетеді.

Осындай іс -шара “Адамгершілік -алғыс айтудан басталады” атты мерекелік көңіл күй сыйлау үшін сынып жетекшілер мен тәрбие орталығы барша ұстаздарды, қызметкерлерді “ Алғыс айту күнімен” құттықтады.

“SMART BALA” Жасанды Интеллект мүмкіндіктері

Бүгін гимназиямызда “SMART BALA” Жасанды Интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, ертегі құрастыру” тақырыбында 3-4 сынып оқушылары арасында байқау ұйымдастырылды.

Бұл іс-шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қиялын ұштауға және заманауи технологияларды тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған. Жасанды интеллект пен ертегі жанрын біріктіру арқылы балалардың сыни ойлау дағдылары жетіліп, олардың жаңа идеяларға деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, бұл байқау ізгілік, адалдық, еңбексүйгіштік сияқты адами құндылықтарды насихаттап, оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге және жаңашылдыққа ұмтылуға баулиды.



«ТЮТОРЛЫҚ ОНЛАЙН МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

Байзақ ауданының білім бөліміне қарасты мақсатты мектептермен жүргізілетін Байзақ ауданы білім бөлімінің білім беру округтарының "Тьюторлық онлайн мектебі" жобасының жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың 06 наурыз күні №3 білім беру округі бойынша тірек мектеп Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының математика пәні мұғалімі Б.К.Усенова «Математика сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары», информатика пәні мұғалімі Д.Т.Кульбаева «Жаратылыстану пәндерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы ЖИ мүмкіндіктері», ағылшын тілі пәні мұғалімі Э.М.Серкебекова «Жобалық оқыту мен сыни ойлауды дамыту: мүмкіндіктері мен тиімділігі», бастауыш сынып мұғалімі З.Р.Кожахметова «Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту: тәжірибе және мүмкіндіктер» тақырыбында мақсатты мектептер Ақшолақ орта мектебі мен А.Суханбаев атындағы орта мектебінің педагогтеріне арналған шеберлік сыныптарын өткізді. Педагогтер өзара кеңесіп, тәжірибелерін жетілдірді.



14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ КҮНІ!



Көрісу күні - Амал мерекесі

КӨРІСУ күні - қазақ халқының дәстүрінде жаңару мен жаңа бастамаларды білдіреді. Көрісу күні жасы үлкен адамдармен көрісіп, бір-біріне денсаулық, бақыт, қуаныш тілеп, аман -саулық сұрасып, қуанышпен бөлісетін күн.

АМАЛ мерекесі - қазақ халқының ежелгі дәстүрлерінің бірі. Амал күні - көктемнің басталуын, жаңа жыл мен табиғаттың жаңаруын білдіретін күн. Бұл мереке адамдар арасындағы сыйластықты арттырып, бір-бірімен кездесіп, аман - саулық сұрасып, тілектерін айту дәстүрі болып табылады.

Осы орайда Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы КӨРІСУ КҮНІ - АМАЛ МЕРЕКЕСІМЕН құттықтайды.





«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖОБАСЫ

«Таза Қазақстан» 2024-2029 жылғы тұжырымдамасының жоспары аясында, ағымдағы жылдың 15 наурызында, бүгін, гимназиямызда 5-11 сынып білім алушылары, ұстаздар атсалысуымен мектептің сыртқы және ішкі ауласына тазалық жұмыстарын, көктемгі көшет егу жұмыстары жүргізілілді.

«Таза Қазақстан» жобасы аясында қалалар мен ауылдарда экологиялық тазалық жұмыстарын жүргізіп, табиғатты қорғаудың маңызды мәселелеріне назар аудару, еліміздің әрбір тұрғынын экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға шақыру – біздің басты мақсатымыз. Елімізді таза әрі әдемі етіп, болашаққа сеніммен қарау үшін бірігіп жұмыс істейік!

#таза Қазақстан



ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ, САЛТ-ДӘСТҮР – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

17 наурыз – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні». Бұл күні халқымыздың мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрі ұлықталады. Барлық іс-шалар мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналады. Осыған орай бүгін гимназиямызда аудандық “Аналар кеңесі” оқушыларымызға ұлттық салт - дәстүрге негізделген іс-шара ұйымдастырылды.

Қазақ халқының басты құндылықтарының бірі - салт-дәстүрі. Қазақ халқы ежелден салт-дәстүрге ерекше қарап, әрбірін керек жерінде орындап, сақтап отырған. Халқымыздың дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, наным-сенімі мен ұлттық ұстанымын насихаттау ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тәрбиенің бастамасына айналды.

Сондықтан, ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс. Бұл болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін маңызды.




РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «КҮЙ КҮМБІРІ» ДОМБЫРАШЫЛАР ЧЕЛЛЕНДЖІ



Домбыра – ежелгі дәуірден келе жатқан қазақ халқының кең тараған қасиетті ұлттық музыкалық аспабы. Сондықтан өскелең ұрпақ домбырада орындау өнерінің қасиетті дәстүрін жалғастыруы керек.

Наурызды мерекелеу аясында гимназиямыздың оқушыларынан құрылған домбырашылар ансамблі 2025 жылғы 20 наурызда домбыраның күмбірлеген үнімен “Балбырауын” күйін ұсынады.

«Менің педагогикалық инновациям» мектепшілік байқауы



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Ертеде бір дана патша өмір сүріпті. Оның үш ұлы бар екен. Патша қартайып, тағын кімге қалдыруды білмей қатты ойға қалады. Содан ол ұлдарын сынамақ болып:

– Уа, ұлдарым! Әрқайсың елге пайдалы бір өнер тауып келіңдер. Кімнің өнері халыққа көбірек пайда әкелсе, сол менің орнымды басады, – дейді. Ханзадалар келісіп, сапарға аттанады. Ұзақ жол жүріп, әрқайсысы бір ғажайып нәрсеге кезігеді.

Үлкен ханзада сиқырлы айна тауыпты. Бұл айнаға қараған адам жердің түкпір-түкпірін көре алады екен.

Ортаншы ханзада ұшатын кілемге жолығады. Ол кілем қайда барғың келсе, сол жерге әп-сәтте жеткізеді екен.

Кіші ханзада ғажайып дәрі алады. Ол дәріні ішкен адам қандай ауыр науқас болса да айығып кетеді екен.

Үш ханзада қайта жолыққанда, өздерінің тапқан өнерлерін бір-біріне көрсетеді. Сол сәтте үлкен ханзада айнасына қарап еді – әкесінің қатты ауырып жатқанын көреді.

– Әкеміз өлім аузында жатыр! – дейді ол бауырларына.

Сонда ортаншы ханзада ұшатын кілемге бәрін отырғызып, әп-сәтте патша сарайына жеткізеді. Кіші ханзада ғажайып дәрісін әкесіне ішкізіп, әкесін жазып алады.

Патша жазылып, үш ұлының өнерін көріп қатты қуанады.

– Балаларым, сендердің әрқайсың тапқан өнерің халыққа өте қажет. Біріңсіз біріңнің еңбегі нәтиже бермес еді. Сондықтан тақты біреулеріңе ғана бермеймін. Елді үшеуің ақылдасып, бірге басқаруды тапсырамын, – дейді. Сөйтіп, үш ханзада елін бірігіп билеп, халықты әділдікпен басқарған екен.



Үнді ертегісі
«Үш ханзада»